


егемен

Азатстан

Шүкір, қазір жаңадан жарық көріп жатқан кітаптар көп. Тәуелсіздігіміздің буалдыр елең-аланындағы кеп тез-ақ оңалғандай. Нарықтың қатаң талабы мен есепқисабына ілесе алмаған баспаларымыздың да әуелгі кезде қалтылдап күн кешкені жасырын емес. Айдың-күннің аманында бар жиған-тергенінен айырылып, жапан түзде ақ таяғына сүйеніп қалған малшыдай дәрменсіз халді баспагерлер де бастан өткізгені мәлім. Күн сайын бір кітаптың сүйінші данасын қолдарына ұстап марқайып отыратын олардың жыл бойына оншақты кітаптың өзін әуірімдеп зорға шығарған күндерін де ұмыта бастағандаймыз.



Жинақтардың салмағы мен мазмұнын заңғарлата көтеріп тұрған әдеби зерттеулер мен естеліктердің орны ерек. “Жырымен жұртын оятқан” деген ортақ тақырыпқа түзілген Мұхтар Әуезов бастаған жиырмаға жуық автордың жүрекжарды лебіздері, пікірлері, ой-толғамдары бұрын-соңды айтылмай жүрген тың деректерге, қызықты эпизодтарға толы. Тағдыр талайы мен тауқыметін белден кешкен акынның болмыс-бітіміне, жан дүниесіне тереңірек үнілген авторлардың қай-қайсысы да Мағжан шығармашылығын әр қырынан тексере, байыппен талдайды.

Өткен ғасырдың жиырмасын-

# “Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған...”

Қызылжарда қазақ, орыс тілдерінде “Мағжан” атты екі кітап жарық көрді

**Жанат ЕЛШІБЕК,**  
“Егемен Қазақстан”.

Еңсе көтеріп, бойымызды тіктеген қазіргі күні бірінен соң бірі толассыз шығып жатқан дүниелерді парақтап, көз жүгіртуге уақытың жетпейді-ау. Өйткені, баспалар да, кітап шығарушылар да жыртылып айырылады. Аты-жөні мен таңба-мөрі көзге таныс ежелгі баспалармен бірге, облыстардың орталықтарында құрылған баспа жүйелерінен жолдама алып жатқан кітаптардың арасында қадау-қадау болсын елең еткізер тұщымды туындылардың болатынын айрықша айтымыз келеді.

Сондай санаулы жәдігерлер санатына жататын кітаптардың шоқтықтысы ретінде Қызылжарда шыққан “Мағжан” қос томдығын қадап айтар едік. Полиграфиялық-техникалық безендірілуі мен графикалық орындалуы жағынан сапасы атақты баспалардың өнімдерімен таласа алатын бұл туындылардың мазмұны да, сөз жок, биік. Ойымызды кесіп айтуға себеп — қолымыздағы кітаптар. Әйгілі акын Мағжан Жұмабаевтың өнернамасына бағышталған осы екі кітапты да құрасырып, баспаға дайындаған белгілі қаламгер, “Солтүстік Қазақстан” облыстық газетінің бас редакторы Жарасбай Сүлейменов. Талғамы жоғары оқырманның үлесінен табылуды мақсат еткен құрастырушының біраз еңбектенгені көрініп тұр. Қос жинаққа да поэзия пайғамбарының ең таңдаулы өлеңдері іріктелген. Сондай-ақ бір-екі тамаша прозасы мен әдеби зерттеулер топтастырылыпты. Ал әдебиет пен өнердің нағыз жанашыры, облыс әкімі Тайыр Мансұров өкімдіктің демеушілік қамқор қолын созуға мұрындық болуымен қатар, жи-



нақтардың беташар мақаласын жазуы назар аудартады. Ол өз толғанысында Мағжан табиғатын, оның шығармашылық әлемін терең білетінін аңғартады. Жыр құдіретін, сөз сырын ұғып, түсіну бар да, оны жан-жақты талдау — өрелі ойдың биігін зерделесе керек.

Ұлтжанды акын жүрегінің тұңғығынан шыққан маржандай лирикалары “Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған...”, “Дариға, аяқталмай үзілді жыр”, “Жұлдызды — жүзік, айды алқа ғып берейін” тәрізді тақырыпшалар аясына біріктірілген. Туған елім деп, туған жерім деп егілген поэзия пырағының бауырын жаза еркін де, самғай көсілуі сыршыл сезімге шүпірлеген көңіл-күй әуеніне ауысқанда, акынның өршіл ұйым тым асқақ естіледі. Сусындаған сайын шөлінді қандырағандай іріктелген жауһар жырлар көмескі бейнеге деген ынтызарлығыңды арттыра түсері даусыз. Мағжан қаламынан төгілген қара сөздердің қасиеті мен қуаты да бөлекше. Оған айғақ — кітапқа енген “Ақан сері” зерттемесі мен “Шолпанның күнәсі” әңгімесі.

шы жылдары қазақ әдебиетінің болашағы хақында көрегендік танытып, кемел ой түйген ұлы Мұханның “Абайды сүйемін, ... сосын Мағжанды сүйемін... Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге қалуға жарайтын сөз — Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін”, деген пікірі бұл күнде айна-қатесіз келгендей. Осындай арналы да, жүйелі ойды өз естелік-эсселерінде дамыта өрбіткен Жүсіпбек Аймауытов, Жайық Бектұров, Бейсембай Кенжебаев, Хамза Абдуллин, Мұзафар Әлімбаев, Тұрсынбек Кәкішев, Рымғали Нұрғали мәңгі өшпес акын мұрасын егжей-тегжейлі тілге тиек етсе, Дүкенбай Досжан, Жарасбай Сүлейменов, Михаил Мелехиндер өмір-бақи жабық боп келген қауіпсіздік комитеті мұрағаттарының нақты құжаттарына сүйене отырып баяндайтын деректі әңгімелері де Мағжан өміріне қатысты талай құпиялардың бетін ашады. Ал орыс тілінде жарық көрген жинаққа енген тартымды да назар аударарлық, қызғылықты естеліктер мен зерттеулердің авторлар құрамы да елеулі қаламгерлер. Олардың арасында Сәйфи Қудаш, А.Жовтис, Ф.Қайырбеков, К.Салыков, В.Шестериков, С.Баканов, т.б. бар.

Алмағайып заманның өзінде “Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған...” деп аңқылдап, елжірей жыр төккен Мағжан ақының осы екі кітап арқылы бүгінгі ұрпақ бұрынғыдан да тереңірек танып, түсінетін болады. Жинақтардың әрқайсысының таралымы — 5 мың данадан. Рухани әлемімізді байытар қастерлі мұндай мұраларымызды шөмітпей оқырмандарға молынан ұсыну да ұлы акынға деген үлкен құрметтің белгісін байқатса керек.